



## Құрметті студент!

2018 жылы «Білім - 1» бағытындағы мамандықтар тобының бітіруші курс студенттеріне Оқу жетістіктерін сырттай бағалау 4 пән бойынша өткізіледі.

Жауап парақшасын өз мамандығыңыздың пәндері бойынша кестеде көрсетілген орын тәртібімен толтырыңыз.

Мамандық шифры	Мамандықтың атауы	Жауап парағының 6-9 секторларындағы пәндер реті
5B010100	«Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу»	1. Педагогика 2. Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамыту әдістемесі 3. Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі 4. Мектепке дейінгі білім беруді басқару және ұйымдастыру

1. Сұрақ кітапшасындағы тестер келесі пәндерден тұрады:

1. Педагогика
2. Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамыту әдістемесі
3. Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі
4. Мектепке дейінгі білім беруді басқару және ұйымдастыру

2. Тестілеу уақыты - 180 минут.

Тестіленуші үшін тапсырма саны - 100 тест тапсырмалары.

3. Таңдаған жауапты жауап парағындағы пәнге сәйкес сектордың тиісті дөңгелекшесін толық бояу арқылы белгілеу керек.

4. Есептеу жұмыстары үшін сұрақ кітапшасының бос орындарын пайдалануға болады.

5. Жауап парағында көрсетілген секторларды мұқият толтыру керек.

6. Тест аяқталғаннан кейін сұрақ кітапшасы мен жауап парағын аудитория кезекшісіне өткізу қажет.

7. - Сұрақ кітапшасын ауыстыруға;  
- Сұрақ кітапшасын аудиториядан шығаруға;  
- Анықтама материалдарын, калькуляторды, сөздікті, ұялы телефонды қолдануға  
**қатаң тиым салынады!**

8. Студент тест тапсырмаларында берілген жауап нұсқаларынан болжалған дұрыс жауаптың барлығын белгілеп, толық жауап беруі керек. Толық жауапты таңдаған жағдайда студент ең жоғары 2 балл жинайды. Жіберілген қате үшін 1 балл кемітіледі. Студент дұрыс емес жауапты таңдаса немесе дұрыс жауапты таңдамаса қателік болып есептеледі.

## Педагогика

1. Педагогикалық пәндер:

- A) Этнопедагогика
- B) Қоғамдық педагогика
- C) Технопедагогика
- D) Ақпараттық педагогика
- E) Табиғат педагогикасы

2. Жеке тұлғаға бағытталған білім берудің ғылыми-теориялық негіздерін зерттеген ғалымдар:

- A) Р.Г. Лемберг
- B) И.С. Якиманская
- C) Л.В. Занков
- D) Ы. Алтынсарин
- E) И.Я. Лернер
- F) В.В. Давыдов

3. Оқу-тәрбие процесінде тиімді ұйымдастыру үшін педагогтың басшылыққа алатын темперамент түрлері:

- A) Психофизиологиялық
- B) Биологиялық
- C) Психологиялық
- D) Физиологиялық
- E) Холерикалық
- F) Флегматикалық, меланхоликалық
- G) Сангвиникалық

4. Дәстүрлі педагогикада тұлғаның базалық мәдениетін қалыптастыруда тәрбиелік істердің бағыттары:

- A) Экономикалық тәрбие
- B) Адамгершілік тәрбиесі
- C) Экологиялық тәрбие
- D) Еңбек тәрбиесі
- E) Әлеуметтік тәрбие

5. Эстетикалық тәрбие міндеттерінің бірі:

- A) эстетикалық білімдер беру
- B) ғылыми дүниетаным қалыптастыру
- C) эстетикалық мәдениетті тәрбиелеу
- D) мемлекетке деген құрмет сезімін қалыптастыру
- E) ағзаны шынықтыру
- F) эстетикалық талғамды және сезімді дамыту
- G) еңбек қабілеттілігін арттыру

6. Тұлғаның әлеуметтенуі кезінде оның дамуына әсер ететін факторлар:

- A) Субъективті факторлар
- B) Монофакторлар
- C) Минифакторлар
- D) Мезофакторлар
- E) Мегафакторлар
- F) Макрофакторлар
- G) Объективті факторлар

7. Ғылыми дүниетанымның құрамдас бөлігі:

- A) көзқарастар
- B) дағдылар
- C) діни білімдер
- D) ғылыми-білімдер жүйесі
- E) тұрмыстық көзқарастар
- F) мифологиялық білімдер
- G) сенімдер

8. Адамгершілік тәрбие міндеті:

- A) эстетикалық талғам қалыптастыру
- B) ой қабілеттерін дамыту
- C) моральдік ережелерді меңгерту
- D) құқықтық жауапкершілік қалыптастыру
- E) адамгершілік сана қалыптастыру
- F) табиғатқа ізгілік қатынас қалыптастыру

9. Педагогикалық процесті зерттеген ғалым педагогтар:

- A) С.Т. Петров
- B) А.И. Герцен
- C) И.А. Иванов
- D) М.А. Данилов
- E) Б.Т. Лихачев

10. «Форма» терминінің мәні білдіреді:

- A) Тәрбие элементтерінің жиынтығын
- B) Тәрбиелік шараларды жоспарлауын
- C) Тәрбие үдерісінің сырттай көрінісін
- D) Тәрбиешінің іс-әрекетінің көрінісін
- E) Тәрбиелік жұмыстардың және тәрбиелік шаралардың бірлікті жиынтығын

11. Ұжымның өзіндік маңызды белгілері:

- A) Жалпы әлеуметтік мәнді мақсаттың болуы
- B) Қарама-қарсы жауаптарға тәуелділік
- C) Жеке әлеуметтік мақсат
- D) Өзіндік мәнді мақсат
- E) Жеке таңдалған басқарушы орган
- F) Жеке әлеуметтік іс-әрекет

12. Сынып жетекшісінің оқушыларды зерттеу әдістері:

- A) Тәжірибені қарастыру
- B) Жағдаятты талдау
- C) Байқау
- D) Бақылау
- E) Индукция және дедукция
- F) Жеке дара және топтық әңгімелесу

13. Отбасының жалпы сипаттамаларының көрсеткіші:

- A) отбасындағы өзара қатынас стилі
- B) отбасы құрылымы
- C) балаларының дарынды, талантты, мәдениетті, талапшыл болуы
- D) ата-ана туралы мәліметтердің толықтығы
- E) ата-ананың тәрбиенің мақсатын, міндеттерін ұстанбауы
- F) ата-ананың баланың өмір әрекетінің мазмұнына көңіл бөлуі
- G) баланың отбасы өміріне белсенді араласуы

14. Оқыту ұстанымдары:

- A) Болжамдылық
- B) Көрнекілік
- C) Әдістемелік
- D) Қол жетімділік
- E) Басқарушылық
- F) Мазмұндық
- G) Ұйымдастырушылық

15. Білім беру стандарты:

- A) Оқыту деңгейін айқындайды
- B) Білім беру нормаларын анықтайды
- C) Міндетті білім берудің негізгі құжаты
- D) Білім беру саласын қамтиды
- E) Бағдарламалардың сапасын анықтайтын құжат
- F) Білім беру сапасын анықтайды
- G) Оқу жоспарларын қолданады
- H) Міндетті оқыту компоненттерін анықтайды

16. Топтық жұмыстарды ұйымдастыру мәселелерімен айналысқан зерттеушілер:

- A) В.Н. Иващенко
- B) В.И. Безруков
- C) А.М. Раевский
- D) В. Оконь
- E) И.Т. Волков

17. Білім беру жүйесін стандарттау қажет:

- A) Жаңалықтар енгізу үшін
- B) Тәжірибе меңгерудің ғылыми мінездемесі
- C) Баламалы оқулықтардың қосылуы үшін
- D) Философиялық негізін қалыптастыру үшін
- E) Тың оқу жоспарларының енгізілуі үшін
- F) Мектептегі оқу процесінің жаңа еркін ұйымдастыру формаларына өтуі үшін

18. Ұжымдық- танымдық іс-әрекеттің белгісі:

- A) Жалпы нәтижелердің болуы
- B) Іс-әрекеттер барысында оқушылар арасында өзара жауапкершіліктің және тәуелсіздіктің пайда болуы
- C) Іс-әрекеттер барысында оқушыға жағдай жасау және оларды басқару
- D) Іс-әрекет барысында анықталған материалдар бойынша тұжырым жасау
- E) Ұжымдық іс-әрекет барысында, әрбір оқушы өзіндік білімін көрсете алуы
- F) Бірыңғай мақсаттық, жалпы мотивтің болуы

19. Білім, білік және дағдыны қалыптастыру үдерісі қажет етеді:

- A) Басқаруды
- B) Диагностикалауды
- C) Тұлға болмысын
- D) Оқу-танымдық іс-әрекеттерінің нәтижесін анықтауды
- E) Бақылауды

20. Мектеп пен жоғары оқу орындарындағы баға қоюдың субъективті қателіктері:

- A) оқушының интеллектуалдық мүмкіншілігін ескеру
- B) орташа бағалау ұстанымында болмау
- C) жауаптың жан-жақтылығын ескеру
- D) орташа бағалау ұстанымында болу
- E) көңіл-күйге орай баға қоя салу
- F) өлшемге сай болу
- G) ынталандыру принципін сақтау

21. Ақпараттық технология:

- A) Ақпаратты өңдеумен байланысты үдерістер
- B) Адам іс-әрекетінің қажетті салаларының бірі
- C) Нақты құралдарды, әдістер мен тәсілдерді пайдалану
- D) Белгілі құралдар мен әдістер жиынтығы
- E) Нақты мағлұматтар жиынтығы
- F) Кез келген мәліметтер жиынтығы

22. Оқулыққа қойылатын негізгі талаптар:

- A) Тілі балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес болуы керек немесе күрделі ғылыми стильде жазылуы тиіс
- B) Мазмұнында келтірілген материалдар көлемді болуы керек
- C) Көрнекіліктермен жақсы жабдықталу, тілі балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес болуы
- D) Оқу бағдарламасына сәйкес болу, оқушылар үшін ұғымды, қысқа және қызықты болуы
- E) Тексеру, өзін-өзі тексеру және оқу нәтижелерін түзетуге арналған сұрақтар мен жаттығулардың болуы

23. Басқаруды ұйымдастырудың формалары мен бағыттары:

- A) Педагогикалық отырыстар, әдістемелік кеңестер
- B) Педагогикалық үдерістің негізгі мақсатын айқындау
- C) Психологиялық-педагогикалық тестілеу нәтижесін қадағалау
- D) Нұсқау-әдістемелік
- E) Қоғамдық ықпалдарды пайдалану жолдарын ұсыну
- F) Педагогтарды жаппай сауаттандыру, сауықтыру
- G) Педагогтарды психологиялық-педагогикалық тұрғыда диагностикалау

24. Ұжымның жағымды әлеуметтік психологиялық жағдайын жасайды:

- A) Экономикалық қарым-қатынас
- B) Құқықтық қарым-қатынас
- C) Эмоционалдық қарым-қатынас
- D) Ашық қарым-қатынас
- E) Сын тұрғысынан қарау
- F) Креативті ойлау

25. Мұғалімдерді аттестациялаудың мақсаты:

- A) Нарықтық экономикалық қатынастар орнату
- B) Оқу-тәрбие үдерісінің сапасын арттыру
- C) Тұлғаның әлеуметтік деңгейін жоғарылату
- D) Оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру
- E) Шығармашылықты дамыту
- F) Педагог қызметкерлерінің әлеуметтік сауаттылығын қамтамасыз ету

**Педагогика**  
**ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**



**Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамыту әдістемесі**

1. Көрнекілік түрі:

- A) венндиаграммасы
- B) сұрақ
- C) тақта
- D) ассоциограмма
- E) тірек-схема
- F) жауап
- G) слайд-презентация

2. Б. Баймұратованың еңбегі:

- A) Ана тілі
- B) Бір жастан сегіз жасқа дейінгілердің ақыл-ойының дамуы
- C) Тәрбиешілердің озат тәжірибелерін жинау
- D) Байланыстырып сөйлеу тілін дамыту
- E) Балаларды мектепке даярлау, Біздің кітап
- F) Жанды сөз
- G) Эксперимент жұмыстары немесе балабақшада тәжірибе байқау жұмыстарын жүргізу

3. Ана тілін оқыту және тіл дамыту сабақтарында қолданылатын репродуктивті әдістер:

- A) Түсіндіру
- B) Көрсету
- C) Әңгімелесу
- D) Әңгімелеу
- E) Модельдеу
- F) Бала тілін бағалау

4. Ана тілін оқыту және тіл дамыту сабақтары келесі дидактикалық талаптарға сай келуі қажет:

- A) Сабақ өткізу
- B) Балалардың дербес тілдік әрекетін қолдану
- C) Сабақ материалы мазмұнының балалардың жас ерекшелігіне сай ақыл-ой және тілдік дамуына сай келуі
- D) Сабаққа алдын ала дайындалу
- E) Міндетті, бағдарламаланған, уақытпен шектелген
- F) Сабақтың тәрбиелік мәні

5. Талдау түрі:

- A) әңгімелеу
- B) есту
- C) көру
- D) қорытындылау
- E) баяндау
- F) мазмұндау
- G) сұрақ-жауап

6. Жетекші психикалық процеске тәуелді бала әңгімесі:

- A) Түсіндіруі
- B) Қабылдауы
- C) Тәжірибиесін айтуы
- D) Қиялы
- E) Есте сақтауы

7. Қоғам өмірінде адамдардың өзара пікірлесу, түсінісу қызметін атқаратын құрал:

- A) тіл
- B) құлақ
- C) ой
- D) қиял
- E) көз

8. Мектепке дейінгі ұйымдарда тіл дамыту жұмысына әдістемелік басшылық:

- A) балабақша мен дүкен арасындағы байланыс
- B) балабақша мен кітапхана арасындағы байланыс
- C) балабақша мен отбасының арасындағы байланыс
- D) балабақша мен ата-ана арасындағы байланыс
- E) балабақша мен сәулет өнері арасындағы байланыс
- F) балабақша мен кинотеатр арасындағы байланыс
- G) балабақша мен мұражай арасындағы байланыс

9. «Зерек бала» бағдарламасында (3-4 жас) тілдің грамматикалық құрылымының мазмұны:

- A) Жануарлар мен олардың төлдерін (аю-аюлар, қонжық-қонжықтар, жылқы- жылқылар, құлын-құлындар) білдіретін зат есімдерді жекеше, көпше түрде айтуға үйрету
- B) Өздері білетін заттар мен ойыншықтарды септік жалғауларын жалғап, көпше түрде айтуға үйрету (доптардың, қуыршақтарға, қонжықтарда, т.б.), сөйлеу тілінде бірыңғай мүшелерді (мен атама, әжеме, апама барамын) қолдана білуге үйрету
- C) Шығармалардың жанрларын анықтай білуге (өлең, әңгіме, ертегі), тілдің көрнекті бейнелілігінің үлгілерін (айқындау, теңеу және т.б.) байқауға үйрету
- D) Бағдарламада берілген шығармалардан үзінділер жаттау (өлеңдер, шағын ауыз әдебиетінің жанрлары), тақырыпқа сай шығарманы таңдай білуге (түсінік айту) үйрету
- E) Жай, салалас және сабақтас құрмалас сөйлемдерді қолдана білуге жаттықтыру
- F) Дауыс ырғағына қарай сөйлем түрлерін ажырата білу іскерлігін дамыту (хабарлы, сұраулы, лепті), оларды тілінде қолдану
- G) Түбірлес сөздерді (бақша, бақшашы, бақшада), етістіктерден (бардым, барамын, барғым келеді) жасауға және қолдануға жаттықтыру, балаларды зат есім, сын есім, етістіктердің күрделі түрлерін жасауға жаттықтыру

10. Оқыту әдісі:

- A) Оқушыны ән салуға үйрету
- B) Оқушының жеке тұлғасын өмірге бейімдеу жолы
- C) Оқушыны өмір сүруге үйрету
- D) Оқушының белсенділігін арттыру
- E) Мұғалімнің сабақ жоспары

11. Біз мектепке барамыз бағдарламасында тілдің грамматикалық құрылысын қалыптастыру мазмұны:

- A) Тілдің дыбысталу мәдениетінің барлық қырын жетілдіру
- B) Бала тәжірибесі мен әлеуметтік жағдайлар негізінде сөйлеу іс-әрекетін қарастырады, мемлекеттік тілді меңгеруге, шет тілдерге қызығушылығын тәрбиелеуге жағдай жасайды
- C) Дыбыстардың айқын артикуляциясын әзірлеу
- D) Түбірлес сөздерді (бақша, бақшашы, бақшада), етістіктерден (бардым, барамын, барғым келеді) жасауға және қолдануға жаттықтыру, балаларды зат есім, сын есім, етістіктердің күрделі түрлерін жасауға жаттықтыру
- E) Дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету

12. Дауысты дыбыстар мен дауыссыз дыбыстардың айырмашылығы:

- A) кеңірдектен естіледі
- B) ауа кедергісіз еркін шығады
- C) дыбыстау мүшелерінің қызметіне байланысты
- D) екпін қойылады
- E) дыбыстар қимылға түседі
- F) дауысты дыбыстар буын құрайды

13. Сөздің дыбыстық мәдениетін қалыптастырудың әдіс-тәсілдері:

- A) Театр ойындары
- B) Дыбыстардың айтылу үлгісін беру
- C) Құрылыс ойындары
- D) Дидактикалық ойындар
- E) Балаларға шығармашылық тапсырма орындату

14. Ұйқас, бунақ, буын:

- A) сатира
- B) хикая
- C) лирика
- D) поэзия
- E) өлең

15. 2-кiшкентайлар тобындағы көркем әдебиетті оқу жұмыстары:

- A) Ертегі, шағын әңгіме
- B) Кейіпкер іс-әрекетін бір-бірімен салыстыру
- C) Өлең жаңылтпаш
- D) Поэзия мен прозаны ажырата алады
- E) Кейіпкер ерекшеліктерін талдау
- F) Өлең шығарту
- G) Шығарма жанрын ажырата білуге үйрету

16. Балаларға сабақ барысында тақпақ жаттатуда төмендегі міндеттер шешіледі:

- A) Сабақ барысында игерілген білімді дербес әрекетпен бекіту
- B) Тақпақ айтуда әуенді сезінуге үйрету
- C) Балаларға тақпақ мазмұнын және көркем бейнесін байқай білуге үйрету
- D) Өзі тақпақ жазуға үйрету
- E) Сөздерге назар аударуға үйрету
- F) Қажет сөздерді табуда дербес тапсырма орындау

17. Сауат ашу барысында жазуға қойылатын талаптар:

- A) әріптердің бірін оңға, бірін солға қисайту
- B) партаға дұрыс отыру
- C) дәптердің көлденең сызығынан ауытқымау
- D) партаға көкіректі тіреу
- E) әріптердің, сондай-ақ сөздердің, арасындағы қашықтықты бір қалыпты сақтап отыру
- F) әріптердің элементтерін жазғанда ұзынды-қысқалы ету
- G) әріпті дұрыс жазу

18. Балаларды сөйлемдегі сөз тіркестерімен таныстыру түрлері:

- A) Бірдей сөздерден басталатын сөйлем таңдау
- B) Бір бала сөйлем айтады, екіншісі кесте құрады
- C) Сөйлемдегі сөздерді ауыстыру
- D) Дыбыстың сөздегі алар орны
- E) Сөйлем құрамындағы сөздерге кестелі бейне құрау
- F) Нақты саны белгілі сөздер таңдау
- G) Тәрбиеші тарапынан бір баламен сөйлесу үлгісін жасау

19. Педагог-тәрбиешілер сабақта ойын элементін қолдануда көңіл бөлуі керек:

- A) Балалардың білімді меңгеруі жоспарланған деңгейге жеткізіледі
- B) Табиғат құбылыстарының заңды байланысын байқату мысалы, жыл мезгілдерінің келу реті
- C) Ойынның мақсатын айқындау, балалар ойын кезінде қандай іскерлікпен дағдыны, жаңа сөздерді, сөйлем құру ерекшелігін игереді, ойынның тәрбиелік мақсатына
- D) Ойынға қатысушылардың санын анықтау, ойын барысында қолданылатын материалдардың тартымдылығына
- E) Қоршаған ортаның объектілері мен құбылыстарына белсенді және дұрыс қарым –қатынасты тәрбиелеу

20. Жинақтау әдісінің ерекшелігі:

- A) Буындап сөйлеу
- B) Екпінсіз айтылатын сөздер
- C) Мәтінді рольдерге бөлу
- D) Сөз алдынан дыбыс қосылып естіледі
- E) Сөйлем сөзге, сөз буынға, буын дыбыстарға жіктеледі
- F) Дыбыстарды буындау

21. Тәрбиешінің «Балабақшада оқыту және тәрбиелеу бағдарламасының» соңында тіл дамытудан өтілетін апталық сабақ санын басшылыққа ала отырып атқаратын жұмысы:

- A) Синтаксистік талдаулар жасайды
- B) Бағдарламалық материалды оқу жылы бойынша бөліп, «Тіл дамыту» бөлімі бойынша сабақ кестесі мен күнтізбелік жоспарын жасайды
- C) Үнемі талдау жасайды
- D) Түбірлес сөздер табады
- E) «Айналадағы өмірмен таныстыру және баланың тілін дамыту» деген бөлімге талдау жасайды

22. Балабақшадағы жоспар түрлері:

- A) біліктілік жоспар
- B) ғылыми жоспар
- C) перспективалық жоспар
- D) тоқсандық жоспар
- E) жылдық жоспар
- F) әдістемелік жоспары

23. Баяндау сабағының құрылымы:

- A) Жоспар бағдарламаға сәйкес, әдістер балалардың жас ерекшеліктеріне сай болу керек
- B) Кіріспе бөлім, балаларды жаңа материалды қабылдауға даярлау мәтінді оқып беру
- C) Сөзден сөйлем құрастырылады
- D) Мақсаты, көрнекі құрал, әдістер-тәсілдер болуы керек
- E) Талдаудан кейін балалардың шығарма мазмұнын қалай түсінгенін байқау үшін тағы да шығарманы қайталап оқу, балалар оқылған материалды естеріне түсіріп жауап беруге дайындау үшін бірнеше секунд уақыт беру
- F) Күнделікті, апталық, тоқсандық, жылдық, айлық жоспары

24. Модульдік тапсырманы оқытуды жүзеге асыру:

- A) Үйрету үдерісін жаңарту (үйрету амалдары алдын ала жоспарланады)
- B) Іскерліктерді меңгеру деңгейлері; модуль-информацияның мазмұнын қалыптастыру
- C) Оқыту қызметін басқару және өзін-өзі басқару жүйелерін құру, әдістемелік жабдықтау
- D) Қоршаған дүниедегі заттар мен құбылыстардың біріктілігін, біртұтастығын аңғара білуге үйрету, байланыстырып сөйлеу дағдыларын жетілдіруге болады
- E) Балалардың білімді меңгеруі жоспарланған деңгейге жеткізіледі
- F) Оқу үрдісінің компоненттерін кешендендіруге байланысты білім берудің тиімділігі: мақсат, мазмұн, бақылау, бағалау, т.б. артады
- G) Қоршаған ортаның объектілері мен құбылыстарына белсенді және дұрыс қарым-қатынасты тәрбиелеу
- H) Бірізділік сақталуы керек

25. В.И. Логинова бойынша белгілі бір объектімен танысу сабағының түрлері:

- A) Сол затты пайдалану арқылы түсінікті ұғымды кеңейту
- B) Екі немесе одан да көп адамдардың пікірлесуі
- C) Заттың сынын, сапасын, ерекшелігін байқау, салыстыру
- D) Табиғат құбылыстарының заңды байланысын байқату
- E) Тұрақты сөз тіркестерін үйрену
- F) Заттар мен құбылыстардың қасиеттерін, сапасын, бөлшектерін білдіретін сөздерді меңгерту арқылы сөздік қорды молайту
- G) Затпен бірінші рет танысу және сөздік қорға соған байланысты жаңа сөздер енгізу
- H) Әңгіме құрату

**Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамыту әдістемесі  
ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

## Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі

1. Тәрбиенің қоғамдағы атқаратын қызметіне орай өзіндік ерекшеліктері:

- A) Қоғамдық құбылыс
- B) Ата-анамен бірлескен іс-әрекет
- C) Бақылау әрекеті
- D) Тәрбиелік әрекет
- E) Шығармашылық әрекет

2. Экологиялық тәрбиенің міндеті:

- A) Оқушыларда ғылыми дүниетанымдық көзқарасын қалыптастыру
- B) Көркемөнер шығармашылығы, туындыларын насихаттау
- C) Табиғатқа ұқыпты қарау және қорғауға үйрету
- D) Оқушыларды табиғатты қорғау мәселелері туралы ғылыми біліммен қаруландыру
- E) Оқушылардың ойлау операциялары мүмкіндіктерін дамыту
- F) Адамды сүйеге үйрету
- G) Табиғатты қорғауға байланысты пайдалы еңбекке белсендіру

3. Педагогикалық қолдау:

- A) Педагог балаға, оның күші мен қабілетіне шын сенуі
- B) Қарым-қатынасына, оқуда табысты алға жылжуына мүмкіндік беру
- C) Педагог пен тәрбиеленушінің арасында жақын қарым-қатынастың орнауы
- D) Баланың ересектердің мінез-құлқындағы жалғандықты тез аңғарып, тануы
- E) Балалардың дене және психикалық денсаулығына қолдау көрсету
- F) Өмірлік және кәсіби болашағын таңдап ала білуге көмек көрсету

4. Тәрбие әдістері:

- A) марапаттау
- B) өзін-өзі басқару орталығы
- C) жарыс
- D) мектептегі әдістемелік кеңес
- E) оқу кабинеттері
- F) пән мұғалімдер бірлестігі
- G) оқу құралдары



5. Тәрбие жоспарының қызметтері:

- A) Ағартушылық
- B) Түзету, ұйымдастыру
- C) Дамытушылық
- D) Болжау
- E) Тәрбиелік
- F) Ұйымдастырушылық
- G) Бағыттау, анықтау

6. Сынып жетекшісінің міндеттері:

- A) Психологиялық жағдайларды зерттеу
- B) Мүмкіндігі шектеулі балаларды зерттеу
- C) Проблемаларды шешуде оқушыға көмек көрсету
- D) Пән мұғалімдерінің сабақтарын талдау
- E) Ата-аналармен қарым-қатынас жасап, оларға бала тәрбиесінде көмек көрсету
- F) Тиімді оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру

7. Ұжымдық тәрбие берудегі сынып жетекшісінің қызметтері:

- A) Диагностикалық
- B) Коммуникативтік
- C) Мадақтау мен жазалау
- D) Тәрбиелік
- E) Жаттықтыру
- F) Марапаттау
- G) Емдеу сауықтыру

8. Қиын балаларда байқалатын ерекшеліктер:

- A) Ұжымды басқаратын оқушылар
- B) Өзі-өзі түзетуге қабілеттің төмендігі
- C) Ұрлық жасайтын оқушылар
- D) Тез шешім қабылдайтын оқушылар
- E) Спортта жетістіктерге тез жеткен
- F) Өзі-өзі өзгелерден төмен санайтын оқушылар

9. Тәрбиенің қоғамдық мәні:

- A) Жеке тұлғаның санасына, мінез-құлқының дұрыс қалыптасуына әсер ететін құрал
- B) Қоғамның пайда болуына тән қасиет
- C) Рухани жағынан үнемі жетілу және баюда көпсалалы процесс
- D) Ережелер жүйесі
- E) Кең мағынада алғанда қандай да болса, бір жан иесіне тиісті азық беріп, сол жан иесінің дұрыс өсуіне көмек көрсету деген сөз
- F) Біз кімдерді тәрбиелейміз, солардың жүрегіне ықпал етеміз
- G) Басшылыққа алынатын мәселе

10. Авторитарлық тәрбие:

- A) Оқушылардың оқуға, үйдегі және қоғамдық орындардағы тәртіпке еркін қарауы
- B) Баланың бас бостандығы
- C) Бала тұлғасын құрметтеу
- D) Өзінің адамгершілігін сезіндіру
- E) Тұлғаны басу
- F) Белсенділігін басып тастау

11. Тәрбиелеу және оқыту үдерістерінің ұқсастығы:

- A) Әрекет үдерісінде тұлға дамуына әдістеме ұсыну
- B) Тәрбиелеу үдерісі өзіне оқыту элементтерін қосады
- C) Өзін-өзі тәрбиелейді
- D) Өзін-өзі қайта тәрбиелейді
- E) Бақылау және түсіндіру әдісін қолданады
- F) Тұлғаның дамуы мен әлеуметтенуі

12. Педагогикадағы тәрбие принциптері:

- A) Ұжымда және ұжым арқылы тәрбиелеу
- B) Тәрбие барысында шешілуге қажетті міндеттер
- C) Әрекетті жан-жақты ойластыру
- D) Тәрбиенің идеялылығы мен мақсаттылығы
- E) Батылдылық

13. Тәрбие ісінің құрылымы:

- A) Даярлау, істердің салдарын талдау
- B) Қол жеткізген нәтижелерді талдау
- C) Алғашқы әңгіме, барлау, жоспарлау
- D) Жекеленген жүйелік құрылымдар тәрізді
- E) Мақсат қою, ұйымдастыру

14. Дәрігерлердің оқушылар денсаулығын сақтауда ескерер кеңесі:

- A) Дұрыс ұйықтауға мән бермеу
- B) Тазалықты сақтау
- C) Өмірге нем құрайлы қарау
- D) Демалысты дұрыс ұйымдастыру
- E) Жақсы мүсін сақтау

15. Әдеби-музыкалық қоғам бірлестігіне қатысушылар ұйымдастырады:

- A) Қызығушылықтары бойынша оқушыларды топтастыру
- B) Баланың еңбек тәрбиесін дамыту
- C) Би кеші сайыстары, көрмелері
- D) Ашық есік күндері
- E) Түрлі бағыттағы әдеби-музыкалық кештері
- F) Тез және жоғары деңгейде керекті сапаны қалыптастыру
- G) Түрлі спектакль қойылымдары

16. Отбасындағы тәрбиенің міндеттері:

- A) Отбасы мүшелерінің өзара дұрыс қарым-қатынасқа, түсінісуге, тыңдауға, ата-ана, туған-туыстар, жасы үлкендерді сыйлауға үйрету
- B) Баланың жеке бас ерекшелігін ескеру
- C) Жан-жақты дамыған тұлға тәрбиелеу
- D) Отбасында баланың өсіп-жетілуіне, денсаулығына қамқорлық жасау, нығайту, бекіту
- E) Еңбексүйгіштікке, өзіне-өзі қызмет ету дағдыларына үйрету

17. Сабақтан тыс әрекеттерді ұйымдастыру формасы:

- A) Көркемөнер – шығармашылық әрекет
- B) Емтихан жүргізу
- C) Сынып бөлмелерін жөндеу жұмыстары
- D) Сабақ барысында кездесулер ұйымдастыру
- E) Лабораториялық сабақ жүргізу

18. Педагогикалық зерттеудің түрлері:

- A) Шыншылдық, демократиялық, ізгілік
- B) Дербестік, айтқан сөзде тұру, сыпайлылық
- C) Қалыпты
- D) Қалыптастырушы
- E) Лабораториялық

19. Тәрбие үдерісінде қамтылған адам санына қарай тәрбие формалары:

- A) Жеке
- B) Ресми
- C) Көпшілік
- D) Қалыптасқан
- E) Отбасылық

20. Мінез-құлықты тәрбиелеу әдістері:

- A) марапаттау
- B) өзін-өзі басқару ұйымына мүше сайлау
- C) мадақтау
- D) пікір аясын кеңейту
- E) этикалық әңгіме талдату
- F) тәрбиелік жағдаяттарды өзгерту
- G) мектептегі әдістемелік кеңеске қатысу

21. Тәрбиенің тиімділігі тәуелді:

- A) тәрбие үдерісінің әдістемесіне
- B) оқыту мерзіміне
- C) педагогтің талдау, бағалау қабілетіне
- D) мектеп Жарғысының мазмұнына
- E) тұқымқуалаушылыққа
- F) қаржы көздеріне

22. Жеке адамның санасын қалыптастыру әдістері:

- A) әңгіме
- B) мектептегі әдістемелік кеңес
- C) этикалық әңгіме
- D) педагогикалық талап
- E) үйрету
- F) тәрбиелік жағдаяттар
- G) өзін-өзі басқару

23. Топтық тәрбие жұмысын ұйымдастыру формалары:

- A) үйірмелер
- B) әңгімелер
- C) кештер
- D) балалар лагері
- E) тәрбие тұжырымдамасын жасау
- F) сынып сағаты

24. Тәрбие, адамды сүюге бағыттау төмендегі ұстанымдардың біртұтастығына байланысты:

- A) жаңа қоғамдық рөлді меңгеруіне
- B) балаға тұрақты дұрыс қатынасына
- C) үдерістің аса қарқындылығына
- D) баланың ортаға тез бейімделгіштігіне
- E) ғылымилық және жүйелі жұмыс жүргізілуіне
- F) ерік-жігердің бірлігіне

25. В.П. Тугаринов бойынша жеке адамның сапалық көрсеткіштері:

- A) Даралық, қоғамдық белсенділік пен саяси-идеялық бағыт
- B) Тәрбие гуманизациясы
- C) Тәрбиені ұйымдастырушылық қасиеті
- D) Тәрбиелік ықпалдар бірлігі
- E) Биологиялық ерекшеліктері
- F) Тәрбие іс-әрекетіне араласуы

**Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі**  
**ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

**Мектепке дейінгі білім беруді басқару және ұйымдастыру**

1. Қазақстан балаларының мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға құқығы мектепке дейінгі ұйымдардың әртүрлі үлгілерімен және түрлерімен қамтамасыз етіледі:

- A) Мектеп
- B) Бөбекжай
- C) Отбасылық бөбекжай
- D) Балабақша
- E) Шынықтыру алаңы
- F) Демалыс үйі

2. Педагогтарға білімдерін жетілдіру мақсатында және оқу-тәрбие жұмысының жекелеген мәселелері бойынша ұйымдастырылады:

- A) Экскурсия
- B) Жеке әңгіме
- C) Жиналыс
- D) Консультация
- E) Сабак

3. Тәрбиешінің жұмысын тексеру:

- A) Фронтальды
- B) Жаппай
- C) Тақырыптық
- D) Жеке
- E) Топтық
- F) Дербес

4. Меңгерушінің іс әрекетін кешенді бағалау:

- A) Мінез-құлқы
- B) Педагогикалық шеберлігі
- C) Ұжымдағы қарым қатынасы
- D) Басқару
- E) Жұмысқа араласуы
- F) Психологиялық
- G) Диагностикалық

5. Мектепке дейінгі ұйымның әдістемелік қызмет құрылымы:

- A) Әдістемелік кеңес
- B) Ұжымдық кеңес
- C) Дәрігерлік кеңес
- D) Психологиялық кеңес
- E) Әдістемелік бірлестік
- F) Педагогикалық кеңес
- G) Уақытша кеңес

6. Қазіргі кезде басқару тиімділігін арттыруға қажетті педагогикалық құндылықтар:

- A) Мектеп
- B) Назар
- C) Білім
- D) Тәжірибе
- E) Концепция
- F) Сенім
- G) Сөз

7. Ата-аналармен істелетін жұмыстың және педагогикалық насихаттың құрамына мыналар кіреді:

- A) Баспасөзге мақала беру
- B) Балаларға ән үйрету
- C) Жаңалықтарды жеткізіп отыру
- D) Тәрбиешінің ата-аналармен байланыс жасауы
- E) Бұқара халық арасында педагогикалық білімді насихаттау, отбасындағы тәрбиенің оңды тәжірибесін зерттеп, тарату

8. Тәрбиешілерді ақпараттармен таныстыру үшін жасалған әдістемелік кабинеттегі бұрыштар:

- A) Оқу, мәселе
- B) Тәжірибе, таным, оқу
- C) Таным, оқу, ойын
- D) Тәжірибе, мәселе, практика
- E) Әдістемелік бұрыш
- F) Әдістемелік бұрыш, ойын

9. Мектепке дейінгі ұйымның типтік түрі тұрады:

- A) Мектепке дейінгі ұйымдарға ата-аналарды қабылдау
- B) Мектепке дейінгі ұйымдардағы тәрбиелеу – білім беру үдерісі
- C) Мектепке дейінгі ұйымды қаржыландырмау
- D) Мектепке дейінгі ұйымдарға балаларды қабылдамау
- E) Мектепке дейінгі ұйымдардағы тәрбиелеу – білім беру үдерісінің шектелуі
- F) Тәрбиелеу – білім беру үдерісін жетілдіру
- G) Мектепке дейінгі ұйымды қаржыландыру

10. Тәрбиеші іс - әрекетін аттестациялау:

- A) Бағдарламаға сәйкес баланың дамуы үшін жағдай жасауы
- B) Сабақты өткізу сапасы
- C) Үйірме жұмыстарын ұйымдастыруы
- D) Ауытқудың себептерін анықтау
- E) Балаларда жеке эмоцияны дамыту
- F) Білім беру ұйымдары желісін болжау

11. Мектепке дейінгі ұйымдағы психологиялық-педагогикалық мониторингтің мақсаты:

- A) Кәсіби ойлау қабілетін қалыптастыру
- B) Терең ғылыми-әдістемелік білім беру
- C) Ауытқудың себептерін анықтау
- D) Баланың дамуын анықтау
- E) Ауытқуларды жою үшін арнайы нұсқауларды өңдеу

12. Бақылау міндетін анықтау алгоритмі:

- A) Болжамы
- B) Оқу әрекетін талдау
- C) Серуен
- D) Нысаны
- E) Жоспарды өңдеу
- F) Оқу іс-әрекеті
- G) Мақсаты

13. Бақылау түрлері:

- A) Өндірістік
- B) Салыстырмалы
- C) Бірізділік
- D) Есептік
- E) Танымдық



14. Мектепке дейінгі ұйымдардың педагогикалық кеңес ережесі негізінде бекітілетін шешім:

- A) Педагогикалық ойдың айқындығы
- B) Сол топтағы педагогикалық үдерістің деңгейіне талдау
- C) Әріптестеріне сенімділікпен қарау
- D) Оқу іс-әрекетінің жетістіктері мен кемшіліктеріне талдау
- E) Оқу іс-әрекетінің нәтижелеріне талдау
- F) Мәдени-гигиеналық шараларды талқылау

15. Педагогтардың біліктілігін жоғарылатудың тиімді формасы:

- A) Ойын
- B) Семинар – практикум
- C) Пікірлесу
- D) Семинар
- E) Ұжымдық қарау
- F) Тренинг
- G) Кеңес беру

16. Педагогикалық кеңес жұмысының мазмұны:

- A) Педагогикалық шеберлік мектебі
- B) Ата-аналар комитеті төрағасының есебін тыңдау
- C) Педагогтардың шығармашылық есебін тыңдау
- D) Бала салмағының дамуын көрсету
- E) Баланың экологиялық мәдениетінің дамуы

17. Ойынның сипаты:

- A) Күн тәртібінде ойынға жеткілікті уақыт берілу қажет
- B) Қоғам қажетілігіне қарай мазмұны өзгереді
- C) Ойындық ортаны ұйымдастыруы қажет
- D) Ойын ережесін біледі
- E) Өзгелердің пікірімен санасуға мүмкіндік береді
- F) Баланың ойын әрекетіне тәрбиешінің басшылық етуі тиіс

18. Сабаққа дайындалудың негізгі кезеңдері:

- A) Алға қойылған мақсат
- B) Сабақты жоспарлау
- C) Балаларға қойылған талап
- D) Мектепке дейінгі тәрбие
- E) Оқу іс-әрекетінің жүктемесін регламенттеу
- F) Берілген тапсырма мен нұсқау

19. Меңгеруші жұмысын алдын -ала бағалау:

- A) Бақылау
- B) Емтихан
- C) Аттестация
- D) Сандық
- E) Мақсатты
- F) Ұжымдық еңбек

20. Мектепке дейінгі оқу іс-әрекетінде жүзеге асырылады:

- A) Ата-аналар әрекеті
- B) Жаңа білімді дәйекті түрде баяндау
- C) Ата-аналар туралы ақпарат беру
- D) Меңгеруші әрекеті
- E) Алған түсініктерді тиянақтау
- F) Ойлау белсенділігін дамыту

21. Мектепке дейінгі ұйымдарда балалардың психологиялық-педагогикалық жағдайларына қойылатын талаптар:

- A) Балаларды тәрбиелеуде, олардың денсаулығын қорғау мен нығайтуда ата-аналарға қолдау көрсету, білім беру әрекетіне тікелей қатыстыру
- B) Ата-ана мен тәрбиешінің достығын нығайту
- C) Балабақшаға бармайтын балалар мен үйде тәрбиеленетін балалар арасында қатынас орнату
- D) Ата-аналарға психологиялық көмек көрсету
- E) Әкелер мектебін ашып, олардың жеке өмірі туралы әңгіме қозғау

22. Ғалым Л.А. Парамонова бойынша мектепке дейінгі білім мазмұнын құру принциптері:

- A) Жүйелілік
- B) Танымдық
- C) Субъективтік
- D) Іс-әрекеттік
- E) Дамытушылық

23. Еңбек тәртібі белгіленген құжат:

- A) Әдіскер құжаттары
- B) Этика Кодексі
- C) Еңбек, ұжымдық шарттар
- D) Келісім-шарт
- E) Жұмыс берушінің актілері

24. Мектепке дейінгі 5-6 жастағы балаларды тәрбиелеу мен оқытуды ұйымдастырудың педагогикалық ұстанымдары:

- A) Креативтілік, жүйелілік
- B) Мектепшілдік тәрбиені жетілдіру
- C) Тәрбиелей отырып оқыту
- D) Өзінің кәсіптік қадір-қасиетін қорғау
- E) Бірізділік, саналылық
- F) Статистикалық мәліметтерді жинау
- G) Жоғары сыныпта білім алуға дайындау

25. Сабақтастық:

- A) Қоғамдық бағыттылық қағидасына негізделу
- B) Озат тәжірибелерді үйрену
- C) Ортақ мазмұндық жүйе
- D) Білім берудің әдістемелік жүйесінің әрбір компонентінің үйлесімділігі
- E) Материалды-техникалық база
- F) Білім беру ұйымдары желісін болжау
- G) Балалардың болашақта оқуға деген жақсы көзқарасы

**Мектепке дейінгі білім беруді басқару және ұйымдастыру  
ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**